



VIII Республиканский конкурс сочинений на патриотическую тему, посвященную **25**-летию Независимости Республики Казахстан

Восточно-Казахстанская область

1. Ержанова Азиза	2
2. Зарқынбеков Елдар	6
3. Каратаева Асем	9
4. Қарқын Көктем	12
5. Қалибекова Ақерке	14
6. Мағауянова Аида	17
7. Мухтарова Аяжан	21
8. Оралханова Мадина	23
9. Тоқтарғазынова Раушан	26

Ержанова Азиза

11сынып, «Көкжайық орта мектебі» КММ

ШҚО, Көкпекті ауданы

Жетекші: Нұрлан Ермек Сыдықұлы

Тәуелсіздік – тұғырым!

Ел боламын десең, бесігіңді түзе «Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып - көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!» (Н. Назарбаев).

Қазақстан – бүкіл қазақ халқының атамекені, кіндік қаны тамған киелі жері. Қазақ халқы – «тар жол, тайғақ кешудің» сан ғасырларын басынан өткізген алмастай өткір, қайтпас қайсар, батыл ел. Ұлан-байтақ жері мал шаруашылығына қолайлы болғандықтан, төрт түлік малды бағып-қағып, соның өнімін қажетіне жаратып, күн кешкен қарапайым халық. Миллиондаған малымен кең байтақ далада емін-еркін көшіп жүргендіктен болар, қазақ халқы о бастан ақпейіл, жомарт, дарқан болды. Қазақтың өз бетімен басқа елге, халыққа тиіскенін тарих білмейді.

«Елдестірмек - елшіден» деген. Данышпан Қазыбек бабамыз жас кезінде қалмақ еліне барған сапарында:

- Біз, қазақ деген – мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жерімізді ешбір жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз,

- деп қазақ елінің бірлігін, тыныштығын сақтауды көздеген.

Өткен тарихқа көз жүгіртер болсақ, бұл даланың тауы күрсініп, тасы қақ айырылар еді. Не көрмеді бұл дала?! Даласын жауынан, ұлтын қан сасыған қақтығыстардан сақтап қалу үшін ата-бабамыз батыстан шығысқа, шығыстан батысқа үдере көшумен болды. Әріде Абылай, Қабанбай, Бөгенбай батырлар мен Исатай, Махамбеттер елін, жерін жаудан қорғау жолында «қара қазан, сары бала қамы үшін», толарсақтан саз кешіп жүріп, қасық қандарын қиса, бертінде Алаш атын сақтап қалу үшін жұртына «Оян, қазақ!» деп ұран салып, маса боп ызындап, қараңғы халықтың санасын оятуды мақсат етіп, бебеу қаққан арыстарымыз М.Дулатов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаевтар арыстанша алысып жүріп, өмірден өтті.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Тарих - өткеннің сабағы, алдағының кейінгіге өнегесі, қазақ жері қасиетті, өйткені ата-бабаларымыз бізге бірліктің, тұтастықтың ұлы үлгісін көрсетіп, атының тұяғымен дүбірлетіп өткен атамәкенін аманат етіп қалдырды.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы шын мәнінде, қазақтың ұлт тәуелсіздігі жолындағы ең соңғы күресі еді. Дүниені дүр сілкіндірген бұл оқиға – қазақ жастарының еркіндікке, демократиялық жүйеге ұмтылысының беташары болды. Ұлан-байтақ жерімізді ат үстінен түспей жанқиярлықпен қорғаған ата-бабалардың ерлік-өнегесін, XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген алаш жастарының қайрат-жігерін осы желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың бойынан көруге болады.

Тәуелсіздік жаршысы, желтоқсан оқиғасының батыры Қайрат Рысқұлбеков: «Еркек тоқты-құрбандық, атам десең, атыңдар!»- деп қасқая қарсы тұрып, ар-намысын сақтап қалды. Сондай батыр ерлердің арқасында Қазақстан бүгінгі таңда ата-бабамыз армандап кеткен «Тәуелсіздік» деген қасиетті ұғымға ие болып отыр.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде дүние жүзіндегі барлық елдерге түгел дерлік танылды. Осы тәуелсіз еліміздің басшысы Н.Ә.Назарбаев – білімімен де, табиғат сыйлаған дарынымен де халық қалаулысы болып, бір ауыздан сайланған алғашқы Президенті. Елбасының 2030 жылға дейінгі стратегиялық ұзақ мерзімді бағдарламасы – халықтың өркениетті елдер қатарына бастар ақ жолы. Осыдан он жыл бұрынғы халқына арнаған алғашқы Жолдауында: «Қазақстан 2030 жылы дамыған, өркениетті, гүлденген, жасыл желекті елге, орта Азия Барысына айналады», - деп, қоғамымыздың келешектегі келбеті мен мақсат-мұратын баян еткен болатын.

Тәубе, тәубе! Бүгінгі таңда «жүзі басқа, жүрегі бір, тілі басқа, тілегі бір» бірнеше ұлтты бауырына басқан көпұлтты еліміз бақыт құшағында!

Данышпан ғұлама Ж.Баласағұнның «Құтты білік» шығармасындағы: «Ел басқаратын Елбасы әділ, ақыл-парасатты, ой-танымы кемел, өнер-білімге жетік, сөзі майда, мінезі жұмсақ, кісі алдында кішік, сабырлы, жаудан қайтпайтын қайсар, қолы ашық жомарт, көзі мен көңілі тоқ, пендеге кек сақтамайтын, кешірімшіл, пейілі кең, дарқан мінезді болуы керек, оның міндеті – халыққа құт-бақыт, дәулет әкелу, әділ заң орнату, кедей халықты бай ету, халық санын көбейту», - деген сөздері дәл Елбасына арнап айтылғандай. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұстанған сарабал саясаты, даналығы, парасаттылығы, еліне деген ерен еңбегі – біз үшін үлгі-өнеге! Ең бастысы, халық тілегі мен тілеуі болып отырған бейбітшіліктің берік сақталуы, тұрақтылық, шет елдермен қарым-қатынастың нығаюы – бұл Елбасымыздың кемеңгерлігі емес пе?!

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Тәуелсіз еліміздің туы күннен-күнге биіктеп, халықаралық аренадағы беделінің күн санап артып келе жатқаны көңілімізге қуаныш ұялатып, қиялымызға қанат қақтырады. Тарихымыз бай, бүгініміз баянды, ертеңіміз жарқын боларына кәміл сенемін. Тек қолға қонған бақыт құсын үркітіп алмай, жұмыла кірісіп, кеңесіп шеше білсек, болашақтың таңы жарқын!

Алдағы болатын сайлауда халық қолдауына ие болып, көшбасшымыз Н.Ә.Назарбаевтың жеңіске жетеріне сенімім мол!

Ендеше, бүгінгі «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманда аға ұрпақтың ерлік істерін жадымызда сақтап, «Отан» деген қасиетті мекенді,

ата-бабамыздың көздің қарашығындай сақтап келіп, ұрпағына аманат етіп қалдырған кең байтақ жерімізді, ана тілімізді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, аялап, қастерлей білу – біздің перзенттік парызымыз. Қазақ тілінің нағыз мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілуі, еліміздің дамыған елдермен терезесі тең болып қарыштап өркендеуі, Орта Азия Барысына айналуы – біздің, жас ұрпақтың қолында!

Біз тәуелсіздіктен аға ұрпаққа әлеуметтік қорған болуын күтеміз. Басқаша айтқанда, біздің ата- бабамыз аңсаған заман тәуелсіздікпен байланысты. Жаңа ХХІ ғасырға бет алған сәтте нарықты экономиканың күдіретін де көруіміз керек. Біз осындай қоғам жасайтын болсақ қана тәуелсіздік баянды болады. Біз қазақ, ғасырлар бойы жоқ іздеген халықпыз. Біздің жоғалтқанымыз ең асылымыз- тәуелсіздік еді. Біз тәуелсіздікті іздеп соқпақпен де, сүрлеумен де, жүрдік кейде жолға түскендей болдық, бірақ тығырыққа тіреле бердік. Осыдан 25 жыл бұрын түскен жолымыз даңғыл болды. Ол тәуелсіздік даңғылы. Тәуелсіздік сапары тәуекелді керек етеді, жол көлігі керек, жол серігі керек, жол азығы керек, алыс жолға тәуекел етер жүрек керек, тірек керек жол бастайтын көсем керек. Біз тәуекел қайығына міндік, тәуелсіздік даңғылына түстік, 25 жылда басқа халықтар ғасырлар бойы өткен жылдан өттік. Біздің тәуелсіз ел болғанымызға -25 жыл. Тәуелсіздік- тәу етер жалғыз кие. Дүниедегі тәуелсіздікті, бостандықты, теңдікті аңсамайтын адам да, халықта жоқ. Біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігіміз- тек бір ұрпақтың ғана еңбегі емес, барша ұрпақтардың еңбегі. Басты мұрат- қолымызға қиындықпен түскен тәуелсіздік туына мейлінше бекем болу.

Теледидарда Елбасы Нұрсұлтан атамыз айтқандай, елдің болашағының көркейіп, гүлденіп одан әрі дамып, өркендеуі біздің қолымызда. Яғни болашақтың жастары мына біздер, бүгінгі бүлдіршіндер мен жас ұрпақтар.

Елімізді әлемге танытып,

Елбасымыздың жолдауындағы жұмыстарды атқару үшін, алдымен жақсы білім алып, тәлімді тәрбиелі болуымыз қажет. Әрбір адам өз алдына мақсат қояды. Менің де өзімнің алдыма қойған үлкен мақсаттарым бар.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Мектептен жақсы білім алып одан әрі білімімді жалғастырып, елім үшін еңбек ету. Қазақта «бақыт» деген ұғым бар. Мен бақыт дегенді былай түсінемін. Ол- сенің тәуелсіз Отаның, Ұлы тұғырың. Бақыттың кіндігі- Отан.

Елімнің көркейіп, гүлденуіне өз үлесімді қосып тәуелсіз елім үшін, отаным үшін, елімнің тыныштығы мен сәбилердің күлкісі үшін, бар өмірімді күш- қуатымды жұмсап жұмыс жасасам. Еліме пайдамды тигізіп, халқым үшін еңбек етсем менде одан артық бақыт болмас еді. Аға- апаларымыздың қиындықпен өздерінің жас өмірлерін қиып алып берген тәуелсіздіктің туын, біздер әрдайым биік ұстауымыз керек, әрдайым биік ұстаймыз да дегім келеді.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Зарқынбеков Елдар

11 сынып оқушысы

**Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы
«Айнабұлақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Жетекшісі: Кошербаева Гулнар Советбековна**

Тәуелсіздіктің ақ таңы

Жау басынар халықты,
Басқарушы оңбаса.
Малша айдап адамды,
Орынсыз қатты зорласа.
Ауға түскен балықтай
Шыға алмассың бұлқынып,
Әділетің болмаса.
Күннің көзін жасырар,
Аспанды бұлт торласа.
Елдің бағы ашылар,
Әділеттік орнаса.
Сүйінбай Аронұлы

Қазақтың ұлан байтақ кең даласы,
Кеңдігіне кімдердің бар таласы.
Көкке көзің жетпейді ашық аспан,
Астанам-қазағымның нұр қаласы.
Бабалар мұрасы ғой қазақ жері,
Маған ыстық елімнің әрбір тасы.
Көрген адам есінен танатындай,
Табиғаты тамаша тау мен тасы.
Асты да үсті толған зор байлыққа,
Қазаққа нәсіп еткен байтақ жерді.
Алыстан көз алартып кім қызықпады?
Жаз- жайлау, қыс - қыстауға көшкен елді.
Қанмен келген жеріңді, қанмен қорға,
Жоңғар –қазақ соғысы өткен жолда.
«Ақтабан шұбырынды Алқакөлің»
«Елімайлап» қазағың кеткен қолда.
Көзсіз ерлік жетпеді қазағыма,

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Көнбей кеттің өзгенің мазағына.
Батыр, батыл ерлерің болғандықтан,
Жоңғардың қалмай өттің азабына.
Ал, 37 жылы сорлы қазақ,
Ақындарың арқалы шекті азап.
«Бас кеспек болсадағы тіл кеспек жоқ»
Басың байлау болса да тілің азат.
30-жыл өшкен үміт, өлген адам,
Аштан қатты далада есіл балаң.
Қиналғанда тамызар су таба алмай,
Аш адам, ауру малға толды далаң.
Голощекин қазаққа не көрсетпеді?
Қазағымды аштыққа әкеп соқты.
Өз жерінде аштықтан бұратылып,
Шекара асып,аманы босып кетті.
Ақын шықса қазақтан дара туған,
Жер аударып, азаптап елден қуған.
Елден қалған ақынның басын алып,
Артта қалған ұрпағын қанмен жуған.
Ызғарлы күн,қараңғы түннен өтіп,
Қазақстан келеді алға өрлеп.
Желтоқсанның аязды жылы кетіп,
Жыр шығады жүректен жанды кернеп.
Тәуелсіздік –тұрағым,тұнық аспан,
Өмірімнің сәулелі жолын ашқан.
Азат елсің,көк туың желбіреген,
Бірлік келсін жан-жаққа бұрылмастан.
Қазір де жағдай жақсы мұңсыз елсің,
Бағың бастап,ынтымақ еріп келсін.
Қазіргі қазағыма тұрсам қарап,
Төрт түлігі тең,тұғыры биік дерсің.
Бұл да өмірдің ашылған бір парағы,
Желтоқсан ызғарының мұзбалағы.
Қайрат ағаң, Ләзаттай әпкең болған,
Жастай кетіп жүректің сыздағаны.

Қорлық қылған қазақтың жастарына,
Бостандық сұрап шыққан бастарына.
Қарсы шықты тұтас бір империяға,
Қарап тұрсақ шындықтың астарына.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Қазағыма сыйға тарттың азат күн,
Алып шығып үңгірінен тозақтың.
Теңдесі жоқ текті туған тарланым,
Елбасымыз сұңғыласы қазақтың.
Рухты елміз арқамыз жер көрмеген,
Көзінде от,көкейді жыр кернеген.
Болашақ бар осындай қайсар елде.
30 елдің қатарына қол сермеген.
Қазағым ,ұмытпа қайсар бабаларды,
Ұмытпа батыр әпке, ағаларды.
Аты қалсын алтынмен тарихыңда,
Бостандықтың боздақтары жарағаны.
Алға бастап келеді ашық аспан,
Елбасым қазағымның жолын ашқан.
Күн болып, сәуле шашып жарқыраған,
«Нұр атам» түнекті елге нұрын шашқан.
Ұрпағы болғаныма мен мақтанамын,
Қазағым қолбасшысын жақтағаны.
Қазақтың болашағы зор деуменен,
Келешекке аяқ басып , нық аттанам.
Нұр атам жылда жолдау жолдағаны,
Болашаққа жоспар жасап,қолдағаны.
«30 елдің қатарына кіреміз» деп,
Түн ұйқысын төрт бөліп жатпағаны.
Шетелдердің танып барлық аймағы,
Қазақ деген қайсар ел бар деп сайрады.
Сіз тұрғанда бір білерім Нұр ата
Бұзылмайды ел бірлігі қаймағы.
Айтар сөзім осы еді жүректегі,
Бірлік керек күш емес білектегі.
Ашық болсын аспаның әрқашанда!
Әділ-ау деймін балаңның жыр төккені.
Тілімнен тіліп тұрып сөз шыққанда,
Тұғырдан түсет неге тарих дана?
Түбің –түрік,діндерің әл мұсылман,
Түнің тыныш болсыншы халиф таңың!!!

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Каратаева Асем

6 сынып «№48 ЖОББМ» КММ ШҚО Семей қаласы

Жетекшісі: ТунгатароваАлия Медиахметовна

Туған жерім – тұғырым, өскен елім – өзегім

Тәуелсіз ел тарихы!

Ерте заман, о бастан қазақ халқы,

Ел болуға талай ғасыр шайқасты

Үйсін, сақтар, ғұндардың патшаменен батыры,

Еуропаның төріне даңқы өрлеп жайғасты,

Алла бізге сыйлады еркіндік пен елдікті,

Оған қоса берген ғой сабырлық пен теңдікті

Зар заманда бірігіп, жұдырық пен найзасы

Қорғады ғой өле-өлгенше басқа ұлт пен теңдікті.

Еділ патша ұрпағы Абылаймен жалғасып,

Елдік үшін күрестік тайсалмастан сан ғасыр

Бастан кешкен зар заман, отаршылдық езгісін,

Болашағы елімнің, бүгінгі ұрпақ көрмесін!!!

Әдікенова Марфұға

Азат Қазақстанның ең қастерлі құндылығы – ел тәуелсіздігіне тура жиырма бес жыл толады.

Иә, бір мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылдың он алтыншы желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасының Мемлекттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң Еуразия құрлығының жүрек тұсындағы ежелден ұлы дала атанған ұлан-ғайыр өлкеде жаңа мемлекеттің дүниеге келгенін паш етті. Санаулы сағаттардан кейін әлемнің әр тарапындағы алуан мемлекеттерден келіп түскен ежелден азаттық аңсаған қаһарман халықтың тәуелсіздігін таныған қуанышты хабар ақпарат құралдары арқылы дүниенің төрт бұрышына түгел тарап жатты.

Біз тәуелсіз еліміздің бүгінгі биігінде тұрып, осы күнді армандаған бабаларымыздың биік мұраттары алдында, жан алысып, жан беріскен

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

алмағайып замандарда азаттық үшін күрескен аталарымыздың өз аманаты алдында, ел бостандығы жолында құрбан болған есіл ерлеріміздің мәңгі өшпес рухы алдында басымызды иіп, тағзым етеміз.

Тәуелсіздік мағынасы өте зор, тамыры терең ұғым, ал тәуелсіз ел болу дегеніміз не? «Тәуелсіз ел болу дегеніміз – кеуденді кере демалып, еңсенді көтере ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан салт-дәстүрінді, әдет-ғұрпыңды айқын көрсетіп, өзіңнің өзгелермен тең екендігіңді сезіну және ана тілінді емін-еркін сөйлеу деп білем», - деп жазады Әбдісабыр Өмешұлы (С.Аспандияров атындағы Алматы мемлекеттік медицина университетінің доценті). Тәуелсіздік бізге оңайшылықпен келген жоқ, қаншама адамдардың өмірімен, ата-бабаларымыз Отан үшін күресі арқылы келді. Моңғол шапқыншылығы, жоңғар жаугершілігі, батыс пен шығыстағы қос империяның қыспағы, патшалық Ресей отаршылығы, кеңестік жүйенің озбырлығы – бәрі-бәрі азаттық аңсаған халқымыздың үздіксіз күрес пен тартысқа толы қастерлі тарихындағы бүгінгі ұрпақтың ешуақытта ұмытуына болмайтын бабалар қанымен жазылған қасиетті кезеңдер. Міне, осылайша Жұбан ақын айтқандай «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке ұлт болып қалу-қалмауы қыл үстінде тұрған алмағайып заманда қол жеткізді.

Қазақтар өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолында тек патша отаршылдары мен кеңестік жүйенің озбырлығына қарсы екі жүзден астам ұлт-азаттық көтерілістерге шыққан екен. Соның ең соңғысы – тоталитарлық жүйенің темір құрсауын талқандауға арналған қазақ жастарының желтоқсан қозғалысына да жиырма бес жыл болады. Осы бір мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы көтерілісте қаншама жастарымыз шейіт болып, кейбіреулері әлі күнге дейін зардабын көріп отыр. Халқымыздың басына бұлт үйірілген сол сұм күндердің құрбандары – Қайрат Ноғайбайұлы, Ләззат Асанқызы, Ербол Сыпатайұлы және т.б.

Жиырма бес жылға да тола қоймаған тәуелсіздік тарихында Қазақстан талай-талай тамаша табыстарға қол жеткізді. Солардың арасындағы ең шоқтықтысы – ТМД мемлекеттері арасынан, Азия елдерінің арасынан, мұсылман әлемі арасынан, түркі тілдес мемлекеттер арасынан бірінші болып Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының төрағалығына сайланғандығы. Президент Н.Ә.Назарбаевтың мәлімдемесінде айтылғанындай, биылғы үшінші тамызда ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлерінің кеңесі екі мың оныншы жылы желтоқсанның бірі - екісінде Астанада осы аса ірі халықаралық ұйымның Саммитін өткізу жөнінде түпкілікті шешім қабылдады.

Биік беделді халықаралық ұйым Саммитінің он бір жылғы үзілістен соң біздің елордамызда өткізілуі Мемлекет басшысының сыртқы саясат

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

саласындағы көптеген жылдардан бергі күш-жігерінің нақышты нәтижесі болмақшы.

Бұл шешімнің біздің еліміз үшін қандайлық тарихи маңызы бар екенін Президент Назарбаев өз мәлімдемесінде әділдікпен әрі әдемі айтты. Елбасымыз былай деді: “Бұл тарихи шешім – қазақстандық толайым табыстардың абыройлы айғағы! Бүгінде Қазақстан ғаламдық қауіпсіздіктің ұйытқысына, татулық пен тұрақтылықтың кепіліне, бейбітшіліктің берекелі белдеуіне айналды. Төрткүл дүниеге төрелік айтқан Қазақ елі Азия және ТМД мемлекеттері арасында тұңғыш рет беделді ұйымның Саммитін өткізеді. Қазақ елі бұрын-соңды мұндай биікке жеткен емес”.

Бұл сөздер әрбіріміздің жадымызда жаңғырып жүрсе дейміз. Барша отандастарымыз өз мемлекеті Елбасысының, жаңа Қазақстанның сәулетшісі мен мемлекетқұрушысының көшбасшылығымен қол жеткізген, бұрын-соңды болып көрмеген халықаралық табысын мақтаныш етуге құқылы.

Тәуелсіздік жолындағы мұндай ұмтылыстардың бәрі ел тарихының ең қастерлі парақтары ретінде әрқашан жадымызда сақталатын болады. Біз тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап туған Қазақстанымыздың қаз тұрып қалыптасуына, оның небір тар жол, тайғақ кешулерден сүрінбей өтіп, бүгінгі шыққан биігі мен қол жеткен жетістіктеріне зор үлес қосқан барша қазақстандықтарға шынайы алғысымызды білдіреміз.

Қарқын Көктем

**11 сынып, Шығыс Қазақстан облысы,
Зайсан ауданы, Кеңсай ауылы, Кеңсай орта мектебі,
Жетекшісі: Толесова Меруерт Молдағалиевна**

Тәуелсіз елім - Қазақстан!

Қыстың бірінші күні. Желтоқсан айы. Ақ ұлпа қарға бөленген кішкентай ауылымның әсем табиғатына үнсіз ғана көз тастаудамын. Аспан төрінен шуағын шашқан алтын күн нұрымен шағылысқан кең байтақ қазақ сахарасы, ауыл халқының қарбаласқа толы, тыныш тіршілігі – бәрі-бәрі тәуелсіздігіміздің сыйы екенін тағы да бір мәрте есіме салды. Белес-белес созылған тау жоталарына қарап, тарихтың катулы қатпарларына енгендей боламын. Сонау ақтабан шұбырындыдан бүгінгі күнге дейінгі «Елім-ай» деп еңіреп, аттары ауыздығымен су ішіп, бабаларымыз етігімен су кешкен қиын-қыстау замандардағы халқымыздың зарлы үні, үмітке толы тағдыр жолы елестейді. Иә, бұл -қазақ атты ұлы елдің қиындығы мен қуанышына, жеңілісі мен жеңісіне куә болған Желтоқсан айы. Ал, мен сол жеңісті күндердің, тәуелсіздіктің, бейбіт ұрпағымын! Мен осы таңға жету үшін қаншама тер, қаншама қан төгілгенін көзіммен көрмесем де, жүрегіммен сезініп үлгердім. Осындай тамыры тереңге созылған, 550 жылдық тарихы бар ұлы хандықтың, айбыны асқақ мәңгілік елдің ұрпағы болғаным үшін мен бақыттымын. Тәуелсіздік маған асқақ арман сыйлады, кемел болашағыма деген сенімімді арттырды және парыз бен міндет жүктеді.

Ал мен тәуелсіздікке мәңгілік тағдыр сыйлағым келеді. Осы күнді келер ұрпаққа баянды етіп жеткізу де, еліміздің атын әлемге танытып, даңқын шығару да, көсегесін көгертіп, шаңырағын құлатпай, тіктеп ұстау да біздің, бүгінгі ұрпақтың, басты парызы. Тәуелсіздік демекші, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бақуатты заман елімізге орнағаннан бері Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әр түрлі бағытта сарабал саясаттар жүргізіп келеді. Менің бойымдағы Отаныма деген махаббат пен кіршіксіз адал ниет те- осы Елбасы ұстанған саясат пен шешімнің нәтижесі. Себебі, барлығымыз білетіндей тоқсаныншы жылдары тәуелсіз ел болып қалыптасқаннан кейін Президент шеттегі қазақ диаспораларын жинап құрылтай ашып және сол құрылтайда Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығын құру туралы шешім шығарып, «Көшіп келу туралы» Заң негізінде шеттегі қандастарымыздың елге оралуына мүмкіндік жасалғандығы айтылды.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Әрине, бұл шешім қабылданып, ата жұртын аңсап жүрген қазақ халқы мәре-сәре болып жатқан кезде мен тіпті дүние есігін ашпаған да едім. Менің балалық шағымның, балғын шағымның он жылы Күн асты елі атанған ҚХР-да өтті. Алып ұшқан сәби кездерімде мен Отан дегеннің не екенін түсінбейтінмін де, бала көңілімде барлық жер қазақтың жері деген ой болатын. Атам мен әжемнің еркесі болып өскендіктен де көп нәрсеге бас ауыртып жатпадым, ақ әжемнің ертегісі, атамның айтатын шежірелері мен үшін өмірлік мектеп болды. Бірде, мен білетін абзал атам бұрын айтпаған тың тақырып бастады: «Балам, білесің бе? Сен өсіп келе жатырсың, Құдай қаласа, менің үмітімді ақтайтын үлкен азамат боласың. Бірақ, есінде болсын, сенің ата-бабаңның туған жері, сенің тарихи Отаның-Қазақстан»- деді. Мен сонда ғана түсіндім, өзімнің өзге елде өмір сүріп жатқанымды. Аташым ары қарай ұзақ әңгіме айтты. Ол кісінің сол кезде айтқан әр сөзі әлі күнге жүрек түкпірімде, мен сонда алғаш көріп едім атамның көздерінен мұңға толы сағынышты. Осылайша, уақыт зулап өте шықты. Бірер жылдардан кейін біз отбасымызбен атажұртымызға қоныс аудардық. Мен мектептегі оқуымды да осы жерден жалғастырдым, жаңа достар таптым, алдыма үлкен мақсаттар қойдым. Ал, қазір атам мен әжем немерелері мен балаларының ақылшысы болып ортамызда аман-есен осы күнге жетті, бізге үнемі тәуелсіздіктің Алланың қымбат сыйы екенін айтудан шаршаған емес. Отан отбасынан басталады демекші, біздің отбасы ең бақытты отбасы, себебі біз бейбіт күн астында, ең бастысы өз елімізде, біреудің қолына қарамай тәуелсіз өмір сүрудеміз.

Қасиетті қара шаңырақ-біздің жарқын болашағымыздың темір қазығы. Көреген басшы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атамыз елімізде бейбітшілік пен тұрақтылық, береке мен бірлікті сақтап, бізді қолдап, жебеп отырса, бізден бақытты ұрпақ болар ма?!..

Біздер, жас буын, тәуелсіздік тағылымдарын танып, қастерлеп, құрметтеп отыруымыз керек. Тәуелсіздік бізге бәрінен де қымбат. Сондықтан да бәріміз еліміз үшін еңбектеніп, халқымыз үшін қызмет істеуіміз керек. Тәуелсіздікті қорғап, оны қастерлей білу- тек біздің қолымызда. Мен осындай еркін, азат елдің ұланы екенімді мақтан етемін! Күн дидарлы Қазақстанның болашағы үшін аянбай еңбек етіп, кірпіш болып қалану, тәуелсіздік туын биік ұстау- перзенттік парызым....

Қалибекова Ақерке
Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы
«Көкжота орта мектебі»КММ
8-класс оқушысы
Жетекшісі: Мухамбетова Гульмира Ратаевна

Мәңгілік Ел ұғымы, қасиетті, киелі,
Елжіретіп жаныңды, иітеді жүйені.
Тебіреніп бұл сөзге бабалардың аруағы,
Тереңдегі тарихтың ағытылар тиегі.
Асыл арман жолында қаншама жұрт қан кешкен,
Аждахамен алысып, алпауытпен белдескен.
Өсиетін ойдырып қара тасқа ақыры,
Қара жердің бетінен зым- зия боп мәңгі өшкен,

- деп ақын Несіпбек Айтұлы жырлағандай Мәңгілік Ел ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. «Мәңгілік Ел» деген сөзді естігенде «Өткенге бұрылып басыңды и, ертеңге қарап білегінді түр» деген ғұламаларымыздың сөзі ойыма оралды.

Жер бетінде тауқыметті көп көрген халықтың бірі- қазақ халқы. Иә, орысқа бодан болған үш ғасырдың ішінде тарихымыз, ар-ожданымыз табанға тапталды. Қолдан жасалған аштыққа душар болдық, зұлматтың құрығына түстік. Өзгенің тарихын өзімізге теліп оқыдық. Қазақтың: «Қаратаудың басынан көш келеді» деп зарлағаны, Қазтуған жыраудың: «Қайран да менің Еділім» деп қабырғасы сөгілгені; үш жүздің басын қоса алмай, көшіп- қонған жұртын орнықтырып ел ете алмай Абылайдың қайғы жұтқаны; Бұқар жыраудың жер тіреп күңіренгені; «Еділді келіп алғаны- етекке қолды салғаны, Жайықты келіп алғаны жағаға қолды салғаны, Әдіра қалғыр, Үш Қиян» деп Мұрат ақынның күйзелгені; «Бас-басына би болған өңкей қиқым, мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?»- деп Абай атамyzдың қабырғасы қайысқаны бізге тарихымыздан белгілі емес пе? Ата- бабаларымыздың аңсап кеткен арманы шындыққа айналды. Көгімізде Туымыз желбіреп, Өнұранымыз асқақтады, Тіліміз өз мәртебесін алды. Бір сөзбен айтсақ тәуелсіздігімізді алдық, ешкімге жалтақтамайтын егеменді ел болдық. Әрине, көп уақыт өте қойған жоқ, не бары жиырма бес жыл. Осы азғантай ғана уақытта бұрын-соңды болмаған бүтіндей жаңа мемлекет- Тәуелсіз Қазақстан елі көш түзеді. Ұлы көштің бастаушысы - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Арғы-бергі заманда осындай ұлан- ғайыр мемлекет орнатып, халқының

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

көңіліндегісін тауып, көкейіндегісін істеген Назарбаевтай кісіні Ұлы даланың тарихы білген емес.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр», - деген еді. Енді міне, киелі жылқы жылында «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыз-түркілердің Мәңгілік Ел идеясын-Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жариялап отыр. Мәңгілік Ел ұғымы ақын Несіпбек ағамызша:

Мәңгілік Ел боламыз деп отырмыз жуырда,
Мәңгілік Ел белгісі- желбіреген Туында!
Еркін жүрген елінде, аспаныңда, жерінде,
Еркін ұшқан құсың да, еркін аққан суың да!

- иә, Мәңгілік Ел болуға бізде үлкен негіз бар, өйткені біздің - Мәңгілік Ана Тіліміз бар, қаншама елді өзіне тартып, таңқалдырар-Елордамыз бар, түн ұйқысын төрт бөліп, елінің қамын ойлаған-Елбасымыз бар. Ең бастысы, қателесуге мүмкіндік бермейтін-бағытымыз бар.

«Біздер, қазақстандықтар- бір халықпыз! Біз үшін ортақ тағдыр-бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел-жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Ендігі ұрпақ- Мәңгілік Қазақтың Перзенті!»-дей отырып елбасымыз еліміздің, яғни, Мәңгілік Еліміздің болашағы мына біздің қолымызда екендігін де ескерте кетті. Шындығында да еліміздің тағдыры бізге байланысты. Бұл күнге оңайлықпен жетпегенімізді біз ешқашан есімізден шығармауымыз керек. Бұл күнде бабаларымыздың жүріп өткен ізі мен қыршын кеткен өмірі, ғасырлар бойы аңсаған арманы жатыр емес пе? Сондықтан біз үнемі алға ұмтылып, білім алып, өмірден өз орнымызды адаспай тауып, елімізге адал қызмет ететін азамат болып шығуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай сақтауға шақыра отырып, шығармамды балғын жүрегімізнен шыққан мына бір өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Талай сыннан өттің, қайран қазағым,
Татпа енді өмірдің ащы азабын.
Іргетасың берік болсын әрқашан,
Бір өзіңе аусын елдің назары.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Орындалсын, халқым, сенің арманың,
Мәңгіліктің атсын күліп таңдары.
Аруағы жебеп ата- бабамның,
Қолдайықшы қазағымның Мәңгілік Ел болғанын!

Мағауянова Аида
11сынып, «Көкжайық орта мектебі» КММ
ШҚО, Көкпекті ауданы
Жетекші: Нұрлан Ермек Сыдықұлы

Тәуелсіз ел- Мәңгі ел!

Тәуелсіздік – философиялық, психологиялық, саяси мәні зор, қастерлі ұғым. Тәуелсіздік - сананы жетілдіріп, ұлттық болмысты сақтап қала алатын басты қайнар.

Тәуелсіздік - бізге бостандық, азаттық, бейбітшілік, яғни бақыт силады. Тәуелсіздік бақытқа деген тура, ең жақын жол. Бізге тәуелсіздік оңай келген жоқ. Біздің ата-әкелеріміз, апаларымыз бостандықты қанмен, термен алған. Сондықтан 2016 жыл – барлық қазақстандықтар үшін елеулі жыл.

Қазақстан. Осы бір сөзді естісек жүрегіміз лүпілдеп, сонау қиын-қыстау кезеңдерді басынан өткерген еліміз, оқ пен оттың арасында қасықтай қаны қалғанша айқасып, қыршынан кеткен жастарымыз, тәуелсіз жолында құрбан болған асыл азаматтарымыз еріксіз есімізге түседі. Екі жүз жылдай патшалы Ресейдің отары, жетпіс жылдан астам уақыт Кеңес өкіметінің бұғауында болған Қазақстан бүгінде егеменді ел болды. Тәуелсіздік біздің елімізге оңайлықпен келген жоқ. Осы жолда біздің халқымыз батырлық пен батылдық, қайраттылық пен ержүректілік таныта білді. Өздерінің туған елі үшін жанын пида қылды.

Ұлт маңдайының бағына біткен Керей, Жәнібек, Қасым, Есім, Тәуке, Абылай сияқты хандар алмағайып заманда әділдік пен еркіндіктің туын ұстаса, Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты қара қылды қақ жаратын шешен билер, Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Бұқар сияқты жезтаңдай жыраулар ел намысын биікке көтеріп, Бөгенбай, Наурызбай, Қабанбай сияқты ержүрек батырлар да қажыр- қайратын қазақ халқының елдік мұратына сарқа жұмсады.

Талай адамның жүрек жарасын тырнап өткен Ұлы Отан соғысы да есімізде. Жұдырықтай жүректері елім деп елжіреген талай батырлар жауға қарсы шықты. Ерліктің қос шынарына айналған Әлия мен Мәншүк сынды қазақ қыздары, Бауыржан, Талғат, Мәлік, Баубек сияқты асыл азаматтар өшпес ерлік танытты. Өмірдің әр мезеті қымбат тұста жауға Отан үшін, ел үшін ұмтылды. Ұлы Отан соғысы біздің елімізге түскен ауыртпалық болды. Осы сыннан да халқымыз мүдірмей өтті.

Алайда Қазақстан бірде- бір мәселені өз бетінше шеше алмады. Біздің еліміздің ұлттық ерекшеліктері ескерілмей, құқықтары аяққа басылды. Қазақтарға өз тілін, дінін ұмытып, мәңгүрттену қаупі төнді. Экономикалық

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

жағынан да еліміз өз байлығына өзі ие бола алмады. Осы тұста елді еңіреткен азалы күндер жігерлі жастардың жүрегін қайнаған ашуға, кекке толтырды. Бұл 1986 жылғы «Желтоқсан қозғалысы» еді.

Осыдан кейін- ақ Кеңес өкіметі ыдырап, 1991 жылы 16- желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіз республика болып жарияланды. Бұл күн егеменді еліміздің туған күні деп алтын әріптермен жазылды.

Міне, қазақ халқы бабаларымыз армандаған тәуелсіздігіне, азаттығына осындай қиянат, азаптарды басынан өткеріп жетті. Азаттық жолында қазақ халқы қансырады, бірақ қаза болған жоқ, есеңгіреді, бірақ есінен айырылған жоқ, сүрінді, бірақ құлаған жоқ.

Тәуелсіздік бүкілхалықтық мереке, әсіресе қазақтар үшін теңдесі жоқ, аса маңызды тарихи оқиға еді. Біздің халқымыз өзінің ғасырлық аясында қалыптасқан көпшіл, өзге ұлттың мәдениеті мен салт- дәстүріне құрметпен қарай алатын кең пейіл қасиетімен дараланатын халық.

Бүгін де Қазақстан бүкіл әлем мақтанышпен айта алатын мемлекетке айналды. Осы уақыт аясында дербес кеңістік қалыптасып үлгерді, нарықтық қатынас орнығып, әлемдік қауымдастық та бел ала бастады. Тәуелсіз Қазақстанымыздың Ата заңы, мемлекеттік рәміздері, ұлттық теңгесі, ең бастысы- егемендігі бар. Еліміздің болашағын дамытып, ынтымақ пен бірлікті орнатып отырған президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та тәуелсіздік жолында көптеген істер атқарды. Зор мақтанышпен айта алатын еліміздің бас қаласы Астана да күннен күнге гүлденуде. Оған куә алып Бәйтерегіміз, Тәуелсіздік сарайы, салынып жатқан көрме ЭКСПО- 2017. Тәуелсіздік қазақстандықтар үшін ізденіс пен ұмтылыс, сенім мен жарасым әкелді.

Бір қаламның ұшымен жазылып, барша қауымның жүрегіне орнаған, бір ауыздан айтылып, кең өлкемді шарлаған осынау бір ыстық сөз, ыстық көңіл лебізі бүгін ғана емес, бар уақытта да қан тамырымыздың лүпіл - бүлкіліндей естіледі бізге. Иә, бұл – бүкіл қазақ жұртының, дүйім Қазақстан елінің қызу құштарлықпен, сарқылмас сүйіспеншілікпен айтар, ардақ тұтар асыл лебізі. Ол – өлең, ол – ән, ол – сұлулық, ол – асқақ арман, ол – шалқыған дәулет, көркейген сәулет! Елдік туымыз тігілген үлкен үйіміз, алтын шаңырағымыз да осында. Жарастығымыздың да, жақсылығымыздың да, тыныштығымыздың да қиясы, махаббатымыздың да ұясы – Қазақстан.

Талай - талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз – Қазақстан!

Қазақстан - тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды.

Мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмасыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйе, ұлы Отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы жерді дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, бұл - тарих. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналықтың әрдайым жадымызда сақталғанын қалаймын.

Сонау ел басына түскен нәубет жылдары тарыдай шашырап кеткендердің елге оралған сәттегі туған жерді, ата - бабаларының кіндік қаны тамған топырақты құшырлана сүйген сәттегі бейнелерін көргенде қалайша толқымассың?!

Міне, ежелден еркіндікті аңсаған азат халқымыз тәуелсіздігінің 20 жылдығын тойлады. Қазақстан, тәуелсіз мемлекет ретінде, дүние жүзіндегі барлық елдерге түгелдей дерлік танылды.

Бәрінен бұрын адамның жан дүниесі, рухы мен ар - ұжданы азаттықты тілейді екен

Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт - сананың мызғымас тірегі, күші, алтын дінгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік – арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті.

Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар,кеудемізге қиналғанда үміт отын жағар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының қалыптасуын; ұлттық мемлекттігіміздің бастауы – Қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; өзі отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлап,жау қолына тойтарыс берген хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген,кемшілікті айта білген ұлы билер дәстүрлерін; ата-бабаларымыздың елімізге,халқымызға тән өзіндік шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан алып үлесін, батырларымыздың жер мен ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы,тіпті қала берді ішкі жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады.

Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастап кешу арқылы қол жеткен өз мемлекттілігін құруға деген заңды құқығу бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», — деп атап көрсетуінде үлкен мағына жатыр.

Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық қиын-қыстау жолдан, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қауымдастығына қосылды. Отанымыз Қазақстанымыз туралы айтарымыз да мақтанарымыз да көп-ақ! Ендігі жеңіс те ерлік те біздің қолда. Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз – Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп байытатын, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, яғни, біз жұмыла еңбек етуіміз қажет. ХХІ ғасырда қазақтың қасіреті аз болғай, қуанышы көп болғай! Таяудағы жүз жылдық, әрідегі мың жылдықтарда қазақтың арманы мен мүддесін, елдігі мен еңбегін хақ тағала баянды етсін!

Мухтарова Аяжан

**ШҚО, Семей қаласының «№48 жалпы орта
білім беретін мектеп» КММ 10 сынып оқушысы
Жетекшісі: Алпысова Меруерт Ерлановна**

Менің Қазақстаным

Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның ашыса,
азаматтықнамысың болса, қазақтың ұлттық
жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі
жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет.
Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа!
Н.Назарбаев

Еліміздің тәуелсіздігі – ата-бабамыздың асқақ армандарынан
туындаған, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңіс.

Қазақ халқы үшін ХХ ғасыр «тар жол, тайғақ кешулерден»,
соқтықпалы, соқпақсыз жерден тұратын, отызыншы жылдардан
басталып, елуінші жылдардың ортасына дейін жалғасқан сталиндік
геноцидті қамтитын зұлмат дүние мен талай жетістікке жеткен
қуанышты сәттерді қамтиды. Қазақ елінің басынан бұл ғасырдың
тартқан сыйы мен тартуы да мол, қайғы мен қасіреті де аз емес. Бұл
қиындықтарға көңілі дархан қазақ елі де бетпе-бет келіп сабырлы
мінез танытты. Басынан қанша қиындық өткерсе де елімнің басты
міндеті мен мақсаты қазақ халқын сақтап қалу, тәуелсіздікке қол
жеткізу болды. Осы қиын да қатерлі жолдан өтіп, бүгінде көкбөрінің
ұрпағы 25 жыл тәуелсіз қазақ мемлекетінде өмір сүріп келеді.

Тәуелсіздікпен бірге ел тарихына, көп ұлтты Қазақстан мемлекетіне
ұлы жаңалықтар қоса кірді. Ұлыбайтақ жері бар, еркін халқыбар үлкен
мемлекеттің өзгеге ұқсамайтын тарихы, қалыптасу, даму жолыда
ерекше болды. Ата-бабадан қалған ұлан-ғайыр жерді игеріп, дербес
мемлекет ретінде өз билігімізді сақтай отырып, өзгеге көңіліміз ашық,
дастақаны, қолы жомарт халық ретінде дамып жатқан еркіл елміз.

Бүгін Қазақстан – әлемдік аренадан өз орнын ойып алған, Азия
мен Еуропаны мойындата білген өжет елдің мекені. Оның дәлелі қысқа
уақыт ішінде атқарған экономикалық, әлуметтік іс-шаралар жиына.
Жаһандық мәселелер талқыға түскен кешегі ЕҚЫҰ-ның саммиті,
Астана экономикалық форумы, Инвестициялық форум, Дүниежүзілік
ислам экономикалық форумы жас мемлекетіміздің мерейін үстем етіп,
абыройын асқақтатты. Осындай істердің жалғасы ретінде Қазақстан

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

166 жылдық тарихы бар ЕХРО-2017 көрмесін өткізу құқығына ие болды. Әлемнің 113 мемлекеті қазақ халқын қолдап, онымен жақын танысуға ниет білдірді.

Мен – өркениет өріне қадам басқан еркін елдің өренімін. Өткенге бойлап, бүгінді ақыл таразысына салып баға беру, ғасырлар тоғысында өмір сүріп жатқан қазақ мемлекеті туралы өз пікірін айту менің де парызым сияқты. Қазақ мемлекеті өз тәуелсіздігін алғаннан бері әлемдік қауымдастықтың біразына мүше болды, көптеген елдермен елшілік қарым-қатынас орнатты. Елдің абыройын, ұлан-байтақ жеріміздің тұтастығын қорғайтын құжаттар мен шартқа қол қойылды. Менің Қазақстанымның тәуелсіздігі әлемдік саясатта өз бейнесін еркін танытқан тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың тағдырымен, 1991 жылғы Тәуелсіздік алу жайлы Конституциялық заңмен байланысты басталғандай көрінеді. Себебі еліміздегі тыныштық, төріміздегі Ата Заң, көгіміздегі азаттықтың көк байрағы, ұлттық теңгеміз, Елбасының, біртуар азаматтардың жанқиярлық істерінің нәтижесі.

Халықтан тумай, туады кімнен алыптар,
Сенсеңіз егер сенуге татыр халық бар.
Бүгінгі мен тарихтағы орын бір емес,
Болашақ өз бағасын берер, анықтар,

- деп Қадыр ақын жырлағандай, Елбасы біреу де, оған қашанда ел-жұрты тіреу болмақ.

Міне, аталарымыздан аманқа қалған жерімізді сақтап, салт-дәстүрімізді мадақтап, бойымыздағы бізге ғана тән мінезімізді жаңашыл көзқараспен ұштастырып, болашағымыздан үкілеп үміт күткен, теңдесі жоқ бейбітшілікті ту етіп ұстап келе жатқан елім, менің Қазақстаным осындай! Мәңгі жаса, менің Қазақстаным!

Оралханова Мадина

**7 класс, КГУ «Общеобразовательная средняя
школа-гимназия №1 им. Н. А. Островского»**

город Шемонаиха, ВКО

Руководитель: Кабдыгалиева К.К

Қазақстан тәуелсіздігіне 25 жыл

Біз тәуелсіздікті ақылмен,
ата-баба жолымен алдық деп ойлаймын
Н.Ә. Назарбаев

1991 жыл - еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден әлдеқайда алда. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы - қазіргі таңда негізгі стратегиялық бағыттар. Бүгінгі Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. «Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өміршен уақытқа кестірген кезден бастап, осынау жылдардың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып секілді, дәуір жалынын мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білді» - деп Елбасымыз айтқандай, егемен Қазақстанды бүгінде барша әлем танып отыр.

Тәуелсіздік алғандағы алғашқы әрекеттердің арасында мемлекетіміздің ұлттық валютасы - теңгені енгізу, көршілес мемлекеттермен шекараны белгілеп алу, Конституциямызды бекіту бар еді. Ата Заңымызға сәйкес Қазақстан және қазақстандықтар ешкімнің жеріне көз салмайды, бірақ өз жерінің бір сантиметрін де ешкімге бермейді. Мұндай істердің орындалуы - ерекше тарихи жетістік. Айта берсек еліміздің жетістігі өте көп. Дегенмен, бұл жетістіктерге жетуде еліміз көп қиыншылықты көргенін ұмытпағанымыз жөн.

Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, ХХ ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды. Алтай мен Атырау аралығын ата-бабларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келген. Ата жауымыз болған сан

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

жылдық қарсылас жоңғарлардан даламызды арашалап қалған батырлардың ерлігі туралы дәстүрлі тарихи жырлар Исатай, Махамбетке байланысты мұралар, Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыстың басты кейіпкерлері туралы жыр-дастандар біздің ұлттық сана-сезімімізді көтереді.

Азаттық қазақтың ежелгі арманы еді. Түлкі бұлаң тарихтың неше бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымындағы тер кеппеді. Ат үстінде өткен ғасырлар көп болды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді. Қаша ұрыс салып жүргенде қапы кетті. Ханның басы қанжығада кете барды... Мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмасыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тотолитарлық жүйе, ұлы Отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы жерді дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, бұл - тарих. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналықтың әрдайым жадымызда сақталғанын қалаймын.

Сонау ел басына түскен нәубет жылдары тарыдай шашырап кеткендердің елге оралған сәттегі туған жерді, ата - бабаларының кіндік қаны тамған топырақты құшырлана сүйген сәттегі бейнелерін көргенде қалайша толқымассың?!

Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жаңғырып тұрған кешегі Желтоқсанның да септігі аз болған жоқ – студент жастардың көшеге шығып үндеуі және егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігін көрсете білуі барша халыққа сенім мен жігер берген болатын. 1986 жылы Атыраудан Алтайға, Сарыарқадан Алатауға дейінгі байтақ жерімізге Желтоқсанның дауылы үдей түсіп, дүрбелең жайлады. Қазақтың көптеген азаматтарының мойнына қыл шылбыр салынды. Әділдік үшін бой көтерген жас боздақтардың маңдайы тасқа соғылды. Желтоқсан оқиғасына қатысып, жауапқа тартылғандар қатарында Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сабира Мұхаметжанова, Ербол Сыпатаев бар.

Озбырлық күшпен тұншығып,
Үміттің оты өшкен күн.
Жанына тапай бір шындық,
Ер Қайрат қыршын кеткен күн.
Қайғы езіп елдің еңсесін,

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Жаншыды-ау жанын батпан күш.

Енді қайтіп келмесін,

Сол бір қарғыс атқан күн!

Қазақстан — Қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Бұл жерде ата-бабамыз туды, тұрды, өмір сүрді, оның топырағында ата-бабамыздың кіндігі кесілген кең жазира жері. Бұл жерді мекен еткен көшпелілер мен отырықшылардың бір-бірімен шендескен әлемі ғасырлар қойнауында талай-талай ұлыстар мен ұлағаттарды дүниеге әкеліп, мәдениеті мен діні жаңғыра түлеп, әйгілі күре жолдардың үстінде саудасы қызып, Шығыс пен Батыс арасы тұтастанып жататын болған. Біздің еліміздің жерінен Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны көктей өтіп жатқан «Ұлы Жібек жолының» керуендері тоғысқан кіндік Азияны басып өтетін Қазақстандық телімі болған.

Қазақстанның табиғаты таңғажайып: мұнда аспанмен тілдескен мұзарт шыңдарды, тұңғиығы тұнжыраған жұмбақ көлдерді, ақ жал толқындары асау арғымақтардай көкке шапшыған шалқар теңізді, күні от шашқан шөлейтті, арналы өзен, ну орманды көруге болады. Қазақстан картасы — қазына картасы. Даласы дархан, топырағы қасиетті, қойнауы қазыналы. Қазынаның барлығы да Қазақ жерінің топырағында тұнып жатқанын екінің бірі айтпай- ақ біледі.

Әр Қазақстанның азаматы айрықша күнін есте сақтады және онымен мақтанады. 1991 ж. 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси тәуелсіздігі туралы конституциялық заң қабылданды. Сөз жоқ, Қазақстан халқы үшін ұлы күн. Бұл барлық еңбекқорлықтың, халықтардың достықтың нәтижесі.

Қазіргі Қазақстан — егемен, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Әрине, бізге қайда ұмтылу бар. Ғылымды даму, ауылдарды демесу, жемқорлықты жою керек. Бірақ барлық Қазақстан жетістіктері алда болады. Мен сенемін. Біздің елбасымыз — Н.Ә.Назарбаев, дана адам, шебер саясатшы, нағыз отаншыл. Ол — Ата Заңның кепілі. Біздің Ата Заңымыз — негізгі тәуелсіздіктің нышандарының бірі. Қазақстанда өз мемлекеттік рәміздері бар. Олар: ту, елтаңба, әнұран. Олар егемендікті, бостандықты, дәстүрлерді, тәуелсіздікті көрсетеді.

Тоқтарғазынова Раушан
11 сынып, «Көкжайық орта мектебі»
ШҚО, Көкпекті ауданы, Көкжайық ауылы
Жетекшісі: Нұрлан Ермек Сыдықұлы

Ата-бабам аңсаған Тәуелсіздік

Тәуелсіздік ата-бабаларымыздың сан ғасыр армандаған, жете алмаған арманы. Елін жерін жаудан қорғап, қасиетті дархан даланы азат етуді міндет еткен. Ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасаттылығымен ел мұңын, халық сырын, тарих үнін түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында, табандылығында, тапқырлығын да таныта білген хан Абылай. Қазақ халқының күшін тасытты, мәртебесін көтерді, Қазақ елін аса іргелі елге айналдырды. Батырларын, елін сүйген ерлерін, ақын-жырау өнерпаздарын достық –бірлікте ұстап, оларды жүзге бөліп жармады. Жауын торғайдай тоздырып, тарыдай шашып, ірімшіктей іріткен, қоқандап қоңқылдаған Қоқанмен де, қалың қара Қытаймен де, ормандай орыспен де тіл табысқан бабамыздың даналығының арқасында, осы біз өмір сүріп отырған аяулы Отан- Қазақстан жері сол бабалардың сақтап қалған, бізге қалдырған асыл мұрасы екені сөзсіз.

Осылардан туындайтын және басқа да ірілі-ұсақты шаралар болды. Тоталитарлық тәртіп жүзеге асырған халыққа жат саясат аса зор, қасіретті зардаптар әкелді. Жаппай отаршылдықтың салдарынан Қазақ халқының жартысына жуығы қырылды; өзінің атамекенінен басқа елдерге ауа көшті, тіл мен діл, дін мен ұлттық сезім, таным жойыла бастады.

Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мағжан, Мұстафа, Смағұлдай бабаларымыз халықты алаш туы астында ел болуға, мемлекет құруға шақырды. Сұлтанмахмұттың «Өлер жерден кеттік біз, бұл заманға жеттік біз»-деп жапанға жар салатын кезінде ұлт зиялылары не істеу керек, қайтеміз, қалай ел боламыз?- деп ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгіртіп еді. Сонда Әлихан Бөкейхан «Автономия, бізге керегі – автономия!» деп қайта-қайта шырылдап, телеграмма салумен болды. Сондағы ойы «мемлекет құрып алайық, мемлекетіміз болса, қалғанының бәрі болады» деген асыл арманы еді. Қазақ автономиясын жариялағанда алаштың арыстары «Міне, ел болдық, еркіндік өз қолымызға тиді» деп бөркін аспанға атты.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ
и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию
Независимости Республики Казахстан**

Алайда, бұл қуаныш ұзаққа бармады. Қазақтың еркіндігінен қорыққан қызыл империя көсемдері алаш туы астына бірікендердің бәрін біртіндеп құртты. Ең алдымен Жүсіпбек Аймауытовты атты. Қалғандарын, қияндағы Шәкәрімнен бастап, қаладағы қазақ оқығандарын түгел қырды. Мұстафа Шоқай шетел асты... Алашорда партиясына мүше болғандардан жалғыз Мұхтар Әуезов қана аман қалды... Алаш деген сөзді тарихи санадан өшіру әрекеті басталды. Дүниедегі ең жек көріністі сөзге айналдыруға тырысушылардың «еңбегі» зая кеткен жоқ. Әлі күнге дейін кейбіреулер алаш дегенде селк ете қалады... Қазақтың өз билігі өз еркінен кеткен соң қара халықты қалай қорлаймыз деп қызыл империя аса қиналған жоқ

Солар көрсеткен үлгі, сепкен ұрық бір ұрпақтан екінші ұрпаққа табиғи түрде ауыса келіп, 1986 жылғы желтоқсанда ел боламыз деген ұлы аласапыранға әкеп бірақ тіреді. Желтоқсан көтерілісі ұлттық рухтың өлместігін жарқын түрде дәлелдеді.

1986 жылғы желтоқсанда алаңға шыққан жастардың тілегі елді ел танитын адам басқарсын деген аз ғана тілек еді. Қылышынан қаны тамып, жарты әлемді билеп тұрған қызыл империя кеңестік коммунистік партия кезеңінде Қазақ жастарының ұлттық намысн ту етіп, отаршылдыққа қарсы алғаш жойқын бұлқыныс танытуы Мәскеудегі өктемшіл шовинистердің төбесіне жай түсіргендей әсер етті. Өйткені, уысындағы қол бала іспеттес көптеген ел бұдан «үлгі-өнеге» алып, ол өрт қаулай түссе, халдерінің мүшкілденетінінен қауіптенді. Оны олар алдын-ала сезді де, басқыншылық әрекеттерге, фашистік қатыгездік қадамдарға да көз жұма барды. Әділдіктің салтанат құруын сұраған жалаң қолды бейбіт жандардың тілектеріне құлақ асқысы келмеген озбыр орталық жүйесі, жүректері тітіркенбестен мұздай қаруланған әскермен шеруге шыққандарды аяусыз жаншыды, итке талатты, бас-көз жоқ ұрып соқты. Кремльден кесепатты бұйрықтың пәрмені солай аласапыран құбылды.

Қазақ жастары Алматыда, Талдықорғанда, Ақмолада, Орталық Қазақстанның бірнеше елді мекендерінде тоталитарлық билік жүйесіне қарсы көтеріліп, өкіметке саяси талаптар қойды.

Желтоқсан көтерілісі сол кездегі кеңес одағының керегесін шайқалтып, КСРО-дағы ашық демократиялық үрдісінің негізін қалаушы оқиғалардың бірі болды. Белгілі ән-өлеңінде айтылғандай, «желтоқсан гүлді солдырып, нұрды оңдырып, көңілде мұңды із қалдырып» қана қойған жоқ, сонымен бірге және ең маңыздысы – халқымыздың ең алдымен жас буынның ұлттық санасын оятумен, ұлттық намысын көтеруінде болды.

ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан

Ол еліміздің тәуелсіздік алуының алғышарттарын дайындауға қызмет етті. Қатыгездігі мың батпан солақай саясат орын алған соң, жүздеген еркіндік аңсаған ақ ниетті жас азаматтар алаштың арманын асқақтатып, кеудемсоқтықты көксегендерге ойсырата соққы жасады. Мұндай тегеурінді қарсылықтың болуы тиіс емес деп есптейтін кеудесіне нан піскен КОКП төбе шашы тік тұрып, «бұл нағыз Қазақ ұлтшылдығы» деп апыл-ғұпыл баға беріп тастады. Олар үшін, әрине, бұл оп-оңай шаруа. Ал, сонда халық намысын қайда қоймақпыз? Орталық партия комитетіндегілер Қазақ жастарының Республика алаңына шығуын нашақорлардың, маскүнемдердің әрекеті деп жалпақ жұртқа жария етті. Уақыт өте өздері ушықтырып, күш қолданғандықтарын бүркемелегісі де келді. Бұл үлкен оқиғаны тентектік әрекетке балауы көрсоқырлық еді. Көп ұзамай шындықтың бет пердесі ашылды.

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріндей өр намысты жас өркені бар елдің
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!

– деп ақын, Мұхтар атам жырлағандай, желтоқсанның мұзға жаққан алауы, 1991- жылы 16-желтоқсанда тәуелсіздік таңын тудырды. Бұл күнді тарихи бір сәт десек те болады. Әрине, қарапайым ұғымда. Ал, мұны дүниенің жаратылысымен тарих дөңгелегінің заманалар белесіндегі қасиетімен даралап айтсақ, Қазақстан тарихында бұл дата ешқашанда ұмытылмайтын, бақытты бағасымен халқымыздың есінде мәңгілік сақталып қалары анық.

Тәуелсіздік — халықтың үні, ұлттың тілі мен ділі. Тәуелсіздік — халықтың тойы, елдің тойы. Қалың Қазақ, алты алаш туған күн, мерейтой.

«Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өміршең уақытқа кестірген кезден бастап, осынау 15 жылдың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып секілді, дәуір жалынан мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білді» — деп, елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, егемен Қазақстанды бүкіл әлем таныды. Туған Отанымыз жер жүзілік қауымдастықтың терезесі тең мүшесі ретінде демократиялық өркениетті даму жолына түсті. Үш ғасырға созылған ата-бабамыздың арманының жүзеге асқаны, оған өзімнің куәгер болғаным – мен үшін шексіз қуаныш!

Мен Қазақпын! Мен Қазақ болып туғанымға мақтанамын!